Газет 1970 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газета выходит с 1 января 1970 года.

@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY

ILE TANY

№38 (5199) | Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық | 18 қыркүйек (жұма) сентября (пятница) 2026 жыл год | Алматинская-Жетысуская областная общественно-политический еженедельник

ӨТЕГЕН БАТЫРДА ЖАҢА АЛЛЕЯ АШЫЛДЫ



Ауданымызда абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп, тұрғындарға арналған жаңа қоғамдық кеңістіктердің қатары артып келеді. Соның бірі – Өтеген батыр ауылындағы Титов көшесінде бой көтерген жаңа аллея. Ел игілігіне берілген көрікті орын ауыл тұрғындарының тынығуына, балалардың ойнап, жастардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасауда. Жаңа нысанның ашылуына орай ұйымдастырылған шараға Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов қатысып, ауыл тұрғындарымен бірге жаңа қоғамдық кеңістікті аралап көрді.

Титов көшесін абаттандыру жұмыстары барысында тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға ерекше мән берілген. Атап айтқанда, 6 100 шаршы метр брусчатка төселіп, 84 жарық шамы орнатылды. Сонымен қатар 1 300 метр арық жүйесі жүргізіліп, көше бойына орындықтар мен қоқыс жәшіктері қойылды.

Көшенің ажарын ашқан жаңа аллея Титов көшесі, 24-үй маңында орналасқан. Мұнда балалардан бастап ересектерге дейін жайлы уақыт өткізуіне мүмкіндік беретін түрлі нысандар қарастырылған. Атап айтқанда, балалар ойын алаңы, воркаут аймағы, үстел теннисі мен шахмат ойнауға арналған орындар, сондай-ақ тұрғындардың тынығып, серуендеуіне арналған демалыс аймақтары жасақталған.

– Ауылдың келбеті ең алдымен тұрғындарға жасалған жағдайдан көрінеді. Сондықтан біз жай ғана аумақты абаттандырып қоймай, адамдар күнделікті келетін, балалар ойнайтын, жастар спортпен айналысатын, үлкендер тынығатын орта қалыптастыруға мән береміз. Бұл аллея – тұрғындар үшін жасалған кеңістік. Ендігі міндет – оның тазалығы мен көркін бірге сақтау, – деді Қайыржан Жақсымбетов.

Жаңа аллеяның ашылуын ауыл тұрғындары да қуанышпен қабылдады. Өтеген батыр ауылында 25 жылдан астам уақыт тұрып келе жатқан ауыл тұрғыны Ақерке Сүйербаева жаңа қоғамдық орынның әсіресе балалы отбасылар үшін маңызы зор екенін атап өтті.

– Ауылымызда осындай саябақтар мен демалыс орындарының көбейіп келе жатқанына қуаныштымын. 25 жылдан астам уақыттан бері осы ауылда тұрамын. Осы жылдар ішінде ауылымыздың біртіндеп өзгеріп, көркейіп келе жатқанын көріп жүрмін. Бес немерем бар. Енді оларды ертіп келіп, осы жерде ойнауға, таза ауада бірге уақыт өткізуге мүмкіндік бар. Әсіресе кешкі салқын уақытта отбасымызбен серуендеп, балалардың ойнағанын тамашалап отыруға өте қолайлы екен. Осындай әдемі әрі қауіпсіз орындардың көп болғаны ауыл тұрғындары үшін үлкен қуаныш. Бұл аллеяны тұрғындар жақсы күтіп ұстап, тазалығын сақтайды деп ойлаймын, – деді ауыл тұрғыны.

Тұрғындардың айтуынша, жаңа аллея ауылдың ажарын ашып қана қоймай, адамдардың бас қосып, демалып, салауатты өмір салтын ұстануына қолайлы жағдай қалыптастырады. Әсіресе балаларға арналған ойын алаңы мен спорттық аймақтардың болуы ата-аналар үшін де үлкен қолайлылық.

Жергілікті тұрғындар жаңа аллеяның кешкі уақытта да ауылдың көркін келтіретінін атап өтті. Жарықтандырылған жаяу жүргіншілер жолы, орындықтар мен абаттандырылған аумақ тұрғындардың таза ауада серуендеуіне мүмкіндік береді.

Диана ҚАНАТ

АУДАНЫМЫЗДА «КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ» МАРАФОНЫ БАСТАЛДЫ



Іле ауданында «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны аясында мемлекеттік және азаматтық қызметшілерді жобаға тарту жұмыстары басталды. Маңызды бастама тұрғындар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастырумен қатар, мемлекеттік қызметшілердің білімін жетілдіріп, кәсіби және тұлғалық дамуына серпін беруді көздейді.

Республикалық марафон Мемлекет басшысының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру аясында 2 қыркүйектен бастап өткізіліп келеді. Жобаның басты мақсаты – кітап оқуды күнделікті өмір салтына айналдыру, азаматтардың зияткерлік әлеуетін арттыру, тұрақты оқу дағдысын қалыптастыру және қоғамның рухани құндылықтарын нығайту.

Қазіргі ақпараттық технологиялар кеңінен дамыған кезеңде кітап оқудың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Кітап – адамның дүниетанымын кеңейтіп, сыни ойлау қабілетін қалыптастыратын, сөздік қорын байытатын және жаңа білім алуға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Әсіресе мемлекеттік қызметшілер үшін үнемі ізденіп, білімін толықтырып отыру кәсіби қызметтің ажырамас бөлігі саналады.

Осы мақсатта марафон аясында «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші» арнайы бағыты қарастырылған. Бағыт мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің кәсіби білімін жетілдіруге, ой-өрісін кеңейтуге, түрлі салалардағы жаңа мәліметтермен танысуына және тұлғалық дамуына бағытталған. Кітап оқу қызметшілердің ақпаратты саралау, мәселені жан-жақты талдау, нақты әрі дұрыс шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

– Мемлекеттік қызметші үшін үздіксіз білім алу – кәсіби дамудың маңызды бөлігі. Кітап оқу адамның ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, ақпаратты саралау, дұрыс шешім қабылдау және кәсіби құзыреттілікті арттыруға ықпал етеді. Сондықтан бұл марафонды мемлекеттік қызметшілер арасында тұрақты кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды бастама деп санаймыз, – деді Іле ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы Асем Нурахметова.

Қазір марафонның алғашқы – «Ақпараттық науқан және тіркеу» кезеңі өтуде. 1-15 қыркүйек аралығында қатысушылар ресми платформада тіркеліп, жобаға қосыла алады. Осы кезеңде жоба туралы ақпаратты кеңінен таратуға және қатысушылар санын арттыруға басымдық берілуде.

Іле ауданындағы мемлекеттік мекемелерде марафонның мақсаты мен міндеттері, қатысу шарттары және тіркелу тәртібі түсіндіріліп, ақпараттық материалдар таратылуда. Мемлекеттік және азаматтық қызметшілерге жобаның маңызы таныстырылып, олардың марафонға белсенді қатысуына жағдай жасау бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Мұндай бастаманың тағы бір маңызды қыры – кітап оқу мәдениетін тек жеке адамның дамуына арналған әдет ретінде емес, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыратын ортақ құндылық ретінде қалыптастыру. Оқуға қызығушылығы жоғары, білімге ұмтылған азаматтар саны артқан сайын елдің де рухани және зияткерлік мүмкіндігі нығая түседі.

«Кітап оқитын ұлт» марафоны кітапты күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдырып, білім мен ізденіске негізделген қоғам қалыптастыруға бағытталған. Іле ауданындағы мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің бұл бастамаға белсенді қатысуы – оқу мәдениетін орнықтыруға жасалған нақты қадам.

Өз тілшіміз

РУХАНИЯТ



11 қыркүйек күні Республика көлемінде аталып өткен «Kitap Time - 2026» фестивалі аясында Іле аудандық кітапханасы оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін насихаттау және кітапхананың заманауи мәдени-танымдық орталық ретіндегі қызметін көрсету мақсатында жастарға арналған «Жастар кітап оқуды қолдайды» атты дөңгелек үстел өтті. Шара барысында жастар АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасы газет өндірісінің басшысы, «Алтын ұя» рухани даму бірлестігінің негізін қалаушы, «Аққайнар» танымдық-тағлымдық журналының авторы Сарсенбиева Бақытгүл Тайкүреңқызымен кездесіп, баспадан жарық көрген жаңа әдебиеттермен таныстыр.

Ашық форматтағы кездесу барысында ұлттық құндылықтар, кітап оқудың маңызы, қазіргі әдебиеттегі жаңашыл бағыттар мен жастардың кітапқа деген қызығушылығы туралы пікір алмасып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, кітап оқу мәдениеті мен заманауи әдеби талғам жайында ой бөлісті. Іс-шара «Ile Book» атты кеңейтілген кітап көрмесімен танысумен жалғасын тауып, қатысушылар таңдаған кітаптарымен «Кітаппен бір кадр» фотозонасында суретке түсіп, кітапқа деген қызығушылықтарын көрсетті.

Жанат ӘЗІМХАНОВА,
Іле аудандық кітапханасының әдістеме бөлімінің меңгерушісі

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАРАФОНЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША АТҚЫРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

«Іле ауданы әкімінің аудандық кітапханасы» КММ тарапынан «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафонын Іле ауданында ұйымдастыру және іске асыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Марафонды аудан көлемінде жүйелі түрде жүзеге асыру мақсатында Іле ауданындағы 11 кітапхананың әрқайсысынан жобаға жауапты кітапхана үйлестірушілері бекітіліп, барлық кітапхана бойынша жауапты үйлестірушілердің байланыс деректерінің жиынтық тізімі жасақталды. Іле аудандық және оған қарасты 11 ауылдық кітапханаларға ақпарат бұрыштары ұйымдастырылды. QR код 12 кітапхана және 15 аудан , ауыл мекемелеріне ілінді.

Марафонның мақсаты мен міндеттерін тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында ақпараттық материалдар кітапханалардың әлеуметтік желідегі парақшаларында тұрақты түрде жарияланып, кітапхана ғимараттарында «Кітап оқитын ұлт», «Зерделі ұлт» ақпараттық бұрыштары ұйымдастырылды. Ақпараттық бұрыштар мен әлеуметтік желілерде марафонның мақсаты, қатысу тәртібі, ұсынылған кітаптар тізімі және reading-nation.kz платформасы туралы мәліметтер орналастырылды.

Сонымен қатар, оқырмандарға барлық аудан, ауыл тұрғындарына марафонға тіркелу тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кітапхана ғимараттарында марафон туралы афишалар мен QR-кодтар орналастырылды.

Марафонға ұсынылған кітаптарды насихаттау мақсатында кітапханаларда арнайы «Марафон кітаптары» сөрелері ұйымдастырылды. Кітапхана оқырмандарына reading-nation.kz платформасында тіркелуге практикалық көмек көрсетілді. Әлеуметтік желілерде марафонда ұсынылған кітаптардың





ақпараттық постерлері, кітаптарға арналған қысқаша аннотациялық постерлер, оқырмандардың кітап туралы бейнепікірлері жарияланады.

Марафонда ұсынылған кітаптардың кітапхана қорында бар-жоғы тексеріліп, жетіспейтін кітаптардың тізімі жасалды. Іле ауданында 11 кітапханада жұмыс істеп тұрған 11 оқырман клубтары бар. Ай сайын клуб мүшелерімен кемінде 1 рет оқылған кітаптары туралы талқылау отырыстары өткізіледі.

Гаухар АБИЛЬДИНОВА,
Іле аудандық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, ЕЛДІКТІҢ АЙНАСЫ

Ана тілі – ұлттың рухани қазынасы, ғасырлардан жеткен асыл аманат. Тілді сақтау – өткенге тағзым ғана емес, келешекке жауапкершілік.

Тіл – халықтың тарихы мен тағдырын, салт-дәстүрі мен мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін алтын көпір. Қазақ халқы ежелден сөз өнерін ерекше бағалап, «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөздің қадірін биік қойған. Бабалардан қалған шешендік сөздер мен ақын-жыраулардың асыл мұрасы – қазақ тілінің байлығы мен тереңдігінің айғағы.



Тіл мерекесі – ана тіліміздің қадірін тағы бір мәрте сезініп, оның болашағына жауапкершілікпен қарайтын ерекше күн.

Тілдің болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Сондықтан баланың ана тілінде еркін сөйлеуі, сауатты жазуы, кітап оқуы, көркем сөзді бағалауы – бәршамыз үшін маңызды міндет.

Осы бағытта Алматы облысы, Өтеген батыр ауылындағы №24 лицейде оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Тілдер күніне орай танымдық кездесулер, мәнерлеп оқу мен көркемсөз оқу байқаулары, эссе жазу, пікірталас, викториналар, әдеби-шығармашылық кештер ұйымдастырылып, оқушылар өз өнерлері мен білімдерін ортаға салуда.

Мұндай шаралардың мақсаты – оқушыны тек сайысқа қатыстыру емес, оның ана тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Мәнерлеп оқыған бала сөздің сазын сезінеді, шығарма жазған оқушы ойын жүйелеуге үйренеді, пікірталасқа қатысқан жас өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады. Осы арқылы тіл мәдениетімен қатар, ұлттық сана да қалыптасады.

Бүгінгі таңда бірнеше тіл білу – заман талабы. Өзге тілдерді меңгеру білім көкжиегін кеңейтетіні сөзсіз. Алайда өзге тілді құрметтеу өз ана тіліңді қадірлеумен қатар жүруі керек.

Өз тілін құрметтеген ұрпақ – өз елінің тарихы мен мәдениетін де құрметтейді.

Тілдің тағдыры – тек тіл мамандарының емес, барша қоғамның ортақ ісі. Тіл күнделікті қолданыста өмір сүреді. Сондықтан отбасында баламен қазақша сөйлесу, қазақ тіліндегі кітаптарды оқу, сауатты сөйлеуге мән беру – ана тілімізге жасалған үлкен құрмет.



Тіл – өткеннің аманаты, бүгіннің байлығы, болашақтың кепілі. Ендеше, ғасырлардан жеткен қасиетті қазақ тілін ардақтап, оның мәртебесін көтеру – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз.

Мадина ИСМАЙЛОВА,
№24 лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ШАҢЫРАҚ ШУАҒЫ



Жақында Іле ауданы Байсерке ауылдық округінде «Асыл аналар» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған, «Берекелі отбасы – бақытты ұрпақ» тақырыбында тәрбиелік мәні зор ауқымды іс-шара өтті.

Бұл іс-шараны округтегі «Асыл аналар» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, ардақты зейнеткер, ұстаз Баданова Қапипа Әділжанқызы өзі ашып, жүргізіп отырды.

Ауылдағы «Ақбота» балабақшасының ғимаратында өткен шарада кең зал қазақи жиһаз, ыдыс-аяқ, киім-кешектермен безендірілген. Ортада ақ дастарқан жайылып, үстіне ұлттық тағамдар қойылған. Дастарқанды айнала бір отбасы толығымен жайғасқан.

Төрде ақсақалды ата, ақ жаулықты әже, ұлы мен келіні және немерелері отыр. Дастарқанға бата жасалды. Осы отбасылық көрініс басынан аяғына дейін округтің беделді ақсақалы Отарбаев Кендебай отбасымен бірге шынайы сомдап шықты.

Ешқандай жасандылықсыз, күнделікті отбасында болып жататын оқиғаларды шынайы көрсетіп берді.

Атаның ақ батасы, ақ әженің ұрпағына деген ақ тілегі естілді. Атасы немересіне жеті атасын үйретіп, оның мағынасын тәпіштеп түсіндірді. Тоғызқұмалақ, асық ату сияқты ұлттық ойындардың қалай ойналатынын немерелеріне көрсетіп, жол сілтеп отырды. Әрбір қазақ отбасында болуы тиіс тәлім-тәрбие, дәстүр мен салт, ырым мен тыйымның бәрі қамтылды.

Бірінші бөлімде бір шаңырақ астында ұйысып өмір сүріп жатқан жанұяның әдемі, көркем образын жасап шыққан Кендебай ақсақалдың отбасы үлкен жауапкершілікпен күнделікті өмірді әдемі көрсете білді.

Іс-шараның екінші бөлімі Байсерке ауылындағы №9 орта мектепте өтті. Мектептің акт залы мен сахнасы әдемі қазақи нақышта безендірілген. Бұл бөлімде ата мен әженің қаладағы балалары мен немерелеріне қонаққа келген сәті көрсетілді: балалары мен немерелерінің ата-әжесінің алдынан шығып қарсы алуы, амандасуы, келіннің сәлем салуы, үлкендердің қолына су құюы сияқты ізетті көріністер ұсынылды.



Атасы қаладағы немересіне өзі өріп әкелген қамшыны сыйға тартып тұрып, қамшының қасиетін, оның қалай өрілетінін, қанша өрім болатынын түсіндіріп үйретті. Ақ жаулықты әжесі немере қызына сырмақтың қалай сырылатынын, ою-өрнектің түрлерін және қай жерде қай өрнек қолданылатынын үйретіп отырды. Сөз арасында тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдер айтылды. Ең бастысы, бұл бөлімде де таза қазақи ұлттық тіл сақталып, көрермен мен тыңдарманның көңілін бір марқайтып тастады.

Екі сағатқа созылған іс-шарада қазақ отбасының тәлім-тәрбиесі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен тілі мақал-мәтелдер арқылы өте әдемі жеткізілді.

Бұл жиынға Іле аудандық «Ақсақалдар ұйымының» төрағасы, ауданның және облыстың «Құрметті азаматы» Исаев Әмзе Әлдибекұлы, Іле ауданының «Асыл аналар» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Байпақбаева Бағдат Бейсенбекқызы және көрші ауылдық округтерден келген ардагерлер мен аналар қатысты.

Шара соңында қорытынды сөз алғандар бір ауыздан өте жоғары баға берді. Қорыта айтқанда, ұйымдастырушы «Асыл аналар» қоғамдық ұйымының төрайымы Баданова Қапипа Әділжанқызы ұзақ жылдар бойы бала тәрбиесі саласында, бірнеше мектепте басшылық қызметте болғанын және жас ұрпаққа әлі де айтары мол екенін көрсете білді.

«Алтын кездік қап түбінде жатпас» дегендей, Қапипа Әділжанқызының қоғамға қосар үлесі әлі де көп деп ойлаймыз.

Қазағымыздың әрбір отбасы аман болсын!

Құрманғали ӘБЕЙБЕКОВ,
Байсерке ауылы
ақсақалдар кеңесінің мүшесі

ОТБАСЫ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ



Отбасы – тәрбие мен берекенің бастауы. Бала үшін отбасы – мейірім мен махаббаттың, жылулық пен сенімнің мекені. Оның тұлға болып қалыптасуы, бойына адамгершілік құндылықтардың сіңуі ең алдымен отбасындағы тәрбие мен ата-ананың үлгісінен басталады. Сондықтан әр шаңырақтағы татулық пен өзара қолдау – баланың жарқын болашағының берік негізі. Балаға дұрыс тәрбие беріп, оның қабілеті мен қызығушылығын қолдау – әр ата-ананың үлкен жауапкершілігі. Осы орайда, Отбасы күніне арналған апталық аясында Іле ауданы, Байсерке ауылының тұрғыны Сметовтар отбасымен «Отбасы – береке бастауы» тақырыбында тағылымды кездесу өтті. Кездесу барысында отбасының берекесі, бала тәрбиесі, ата-ана жауапкершілігі және өзара қолдаудың маңызы жайында мазмұнды әңгіме өрбіді.

Сметовтер отбасында төрт бала тәрбиеленіп, әр баланың қабілеті мен қызығушылығына ерекше көңіл бөлініп, білім алуына, ізденуіне және өз таңдауын жасауына ата-ана тарапынан үнемі қолдау көрсетіледі. Отбасындағы үлкен ұлы – Нұрмұхаммед жастайынан спортқа қызығушылық танытып, бокс үйірмесіне қатысып келеді. Бүгінде жас спортшы Қазақстан көлемінде ғана емес, халықаралық жарыстарда да өз қабілетін танытып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Нұрмұхаммед Өзбекстанда өткен бокс жарысында I орын, ал Түркияның Анталия қаласында өткен жарыста II орын иеленген. Бұл жеңістер – жас спортшының қажырлы еңбегі мен табандылығының ғана емес, оған әрдайым қолдау көрсетіп, жігерлендіріп жүрген ата-анасының еңбегінің де нәтижесі. Нұрмұхаммед Байсерке ауылындағы «Алпамыс» жаттығу залында жаттықтырушы Сүмебайұлы Қанаттың жетекшілігімен жаттығып, спорттағы шеберлігін шыңдап келеді. Ал, екінші ұлы – Қонысбаев Нұрислам Досмаханбетұлы қазіргі таңда әскери академияда білім алып, әскери мамандықты меңгеруде. Ол болашақта Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, ел қорғаны болуды мақсат етеді. Бір шаңырақтың қос перзенті – екі түрлі бағытта өз болашағын қалыптастырып келеді. Бірі спортта жеңіс тұғырынан көрініп, ел намысын қорғауға ұмтылса, екіншісі білім алып, әскери салада Отанға қызмет етуді мақсат еткен.

Сметовтар отбасы – тату-тәтті тіршілігімен, қоғамдық белсенділігімен және отбасы мүшелерінің жетістіктерімен көпке үлгі болып жүрген өнегелі шаңырақ. Отбасы мүшелерінің түрлі байқаулар мен сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуы – олардың бір-біріне деген қолдауы мен ынтымағының айқын көрінісі. Кездесу барысында отбасы мүшелері өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, «Берік отбасының негізі – бірлік пен сыйластықта» деген тағылымды ойларын ортаға салды. Олардың айтуынша, отбасындағы әрбір жетістік – бір адамның ғана емес, бүкіл шаңырақтың ортақ еңбегі. Бұл – ата-ананың балаға деген сенімі мен қолдауының қаншалықты маңызды екенін көрсететін жарқын мысал. Сметовтер отбасының басты ерекшелігі – әр баланың таңдауына құрметпен қарап, оның арманына қанат бітіре білуінде. Отбасындағы өзара сыйластық, бірлік пен жауапкершілік балалардың өзіне деген сенімін қалыптастырып, үлкен мақсаттарға ұмтылуына жол ашып отыр. Осындай отбасылардың өнегесі – қоғам үшін маңызды. Себебі тәрбиелі, білімге құштар, еңбекқор әрі отансүйгіш ұрпақтың қалыптасуы ең алдымен отбасындағы құндылықтардан басталады. Сметовтер отбасы – татулық пен сыйластықтың, ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігі мен қолдауының, еңбексүйгіштік пен мақсатқа ұмтылыстың жарқын үлгісі.

Берекелі отбасы – бақытты баланың мекені.

Бақытты бала – жарқын болашақтың кепілі демекші, Сметовтер отбасына зор денсаулық, шаңырақтарына шаттық пен береке тілейміз! Ұлдарыңыздың әрбір жетістігі отбасына қуаныш сыйлап, жеңістері еселене берсін! Өнегелі шаңырақтарыңыздың мерейі әрдайым үстем болсын!

Әр шаңырақта күлкі естіліп, әр бала ата-анасының мейірімін сезініп өссе – бұл елдің ең үлкен байлығы.

Ж. ЕНСЕПБАЕВА,
отбасын қолдау орталығының Құрылымдық бөлімше басшысы

СПОРТ

СПОРТТАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМНАН ҮЛКЕН ЖЕҢІСТЕРГЕ ДЕЙІН



Спортта жеңіс тұғырында тұрған сәтті көпшілік көреді. Ал сол жеңістің артында қанша еңбек, қанша жаттығу, қанша рет өзіңмен күресу жатқанын екінің бірі біле бермес. Бір қарағанда, жарыстағы бірнеше минуттың нәтижесі ғана көрінеді. Алайда спортшы үшін сол сәтке дейінгі дайындықтың әр күні, әр жаттығуы, әр жеңілісі мен әрбір қайта тұруы маңызды.

Іле ауданында спортты өмір салтына айналдырып, өз бағытын халықаралық жарыстарда танытып жүрген жастардың бірі – Каримжанов Имранали. Бүгінде ол грэпплинг және ММА спорт түрлерімен айналысады. Оның қоржынында әлем чемпионатының және UWW әлем чемпионатының күміс жүлдесі, Азия чемпионаттарының үш алтын медалі, Қазақстан чемпионаттарының бес алтын жүлдесі, сондай-ақ өзге де республикалық және халықаралық жарыстардың жүлделері бар.

Бірақ бұл жетістіктердің бастауы чемпиондық атақтардан емес, балалық шақтағы спортқа деген қызығушылықтан басталған.

Әкесінің қолдауымен басталған жол

Имраналидің спортқа деген қызығушылығы бала кезінен қалыптасқан. Оның айтуынша, спортты таңдауға әкесінің ықпалы зор болған.

– Спортқа деген қызығушылығым бала кезімнен басталды. Бұл бағытты таңдауыма әкемнің ықпалы зор болды. Ол мені спортпен айналысуға ынталандырып, әрдайым қолдау көрсетті, – дейді Имранали.

Осылайша бала күнінен басталған қызығушылық уақыт өте келе нақты мақсатқа айналды. Спортпен айналысу оның күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналып, жаттығу мен жарыс тәртібі қалыптасты.

Имранали 2020 жылдан бастап жаттықтырушы Қанайбеков Диастың жетекшілігімен грэпплингпен шұғылданып келген. Ал 2025 жылдан бастап жаттықтырушы Сарманов Аманкелдімен ММА бойынша дайындала бастаған.

Екі спорт бағытының да өзіндік ерекшелігі бар. Соған қарамастан, Имранали үшін екеуін байланыстыратын ортақ дүние – тәртіп, тұрақты дайындық және өзіне деген талап.

Алғашқы жарыс – алғашқы сынақ

Спортшының есінде ерекше сақталатын сәттердің бірі – алғашқы жарысы. Имранали үшін бұл кезең тоғыз жасында басталған.

– Алғаш рет жарысқа 9 жасымда қатыстым. Әрине, аздап қобалжу болды, бірақ алда жаңа жетістіктер күтіп тұрғанына сенімді болдым, – дейді ол.

Балалық шақтағы алғашқы жарыс кейінгі спорттық жолдың бастамасына айналды. Алғашқы жарыстан кейін тәжірибе көбейді, қарсыластар деңгейі өсті, талап та күшейе түсті.

Спортшының өзі жақсы нәтиженің бір күнде келмейтінін түсінді. Күнделікті жаттығу, тәртіпке бағыну және жарыс сайын тәжірибе жинау оның дайындығының негізгі бөлігіне айналды.

Ол үшін спорттағы ең маңызды қасиеттердің бірі – тұрақтылық.

– Спортта жақсы нәтижеге жету үшін ең бастысы – тұрақтылық пен тәртіп деп ойлаймын. Сондықтан жаттығуларыма әрдайым жауапкершілікпен қараймын, – дейді жас спортшы.

Жеңіс пен жеңілістің сабағы

Спортта тек жеңіс болмайды. Жеңіліс те спортшының қалыптасуына әсер етеді. Кейде жүлдеге бір қадам жетпей қалу келесі жарысқа бұрынғыдан да мықты дайындалуға себеп болады.

Имранали де спорттық жолында жеңілістің не екенін сезінді. Оның пікірінше, жеңілісті мойындау оңай емес. Бірақ оны дұрыс қабылдай білу – спортшы үшін маңызды қасиет.

– Әрине, жеңілістер де болады. Оны қабылдау оңай емес, бірақ бұл – спорт. Спортта жеңіс те, жеңіліс те қатар жүреді. Ең бастысы – қателіктерден сабақ алып, әрдайым жақсы нәтижеге ұмтылу, – дейді ол.

Осы ұстаным оның кейінгі нәтижелерінен де байқалады. Бір жарыстағы сәтсіздік келесі бәсекеде өз мүмкіндігін қайта көрсетуге кедергі болмаған.

Әлем алаңындағы алғашқы үлкен нәтижелер

Имраналидің спорттық жолындағы маңызды белестердің бірі – халықаралық жарыстардағы нәтижелері.

2024 жылы Абу-Дабиде өткен әлем чемпионатында ол финалға дейін жетіп, екінші орын иеленді. Бұл нәтиже жас спортшы үшін маңызды тәжірибе болды. Әлемнің әр түкпірінен жиналған спортшылар арасында бақ сынау оның өз деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

Кейінгі жарыстарда да Имранали жоғары нәтижелер көрсетуін жалғастырды.

Тайландта өткен Азия чемпионатында бірінші орын алып, Азия чемпионы атанды. Ташкенттегі жарыста да топ жарып, екі дүркін Азия чемпионы атанды. Осылайша Азия чемпионаттарындағы жеңістерінің саны үшке жетті.

Сонымен қатар Астанада өткен UWW әлем чемпионатында да күміс жүлдеге ие болды.

Спортшының қоржынында Қазақстан чемпионаттарының бес алтын жүлдесі, Қазақстан кубогы аясындағы AIGA жарыстарында алты жеңіс, SAQ Pro турнирлеріндегі үш жеңіс, IMMAF республикалық турниріндегі бірінші орын және панкратион бойынша Алматы облысындағы жарыстардың жүлдесі бар.

Одан бөлек, Имраналидің спорттық дәрежесінде екі КМС атағы бар.

Бұл нәтижелердің әрқайсысының артында бөлек дайындық кезеңі жатыр. Сондықтан спортшы үшін медальдың саны ғана емес, сол жүлдеге жету жолы да маңызды.

Шетелдегі жарыстар не береді?

Халықаралық жарыстарға қатысу спортшыға тек жүлде үшін емес, тәжірибе жинау үшін де қажет.

– Шетелдегі жарыстарда әртүрлі елдерден келген, деңгейі әртүрлі спортшылармен бақ сынауға мүмкіндік бар. Бұл өзіңді жаңа деңгейде сынап, тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Дегенмен, Қазақстанда да өте мықты спортшылар көп, – дейді Имранали.

Оның сөзінен халықаралық жарыстардың тағы бір ерекшелігін аңғаруға болады. Әр елдің спортшыларының дайындығы, күрес мәнері мен жарыс тәжірибесі әртүрлі. Сондықтан мұндай бәсекелер спортшыны жаңа жағдайларға бейімделуге үйретеді.

Имранали Қазақстандағы спортшылардың да деңгейі жоғары екенін атап өтеді. Оның ойынша, ел ішіндегі бәсекелестік те спортшының өсуіне әсер етеді.

Жаттығудағы тәртіп – жеңістің негізі

Жарыс кезінде спортшының бірнеше минуттық өнері ғана көрінеді. Ал оған дейінгі дайындық көзге көрінбейді.

Күнделікті жаттығулар Имраналидің өмір салтына айналған. Ол спортта жақсы нәтижеге жету үшін тұрақты дайындықпен қатар, тәртіпті сақтау қажет екенін айтады.

Жарыс алдында да өзін ерекше тәртіпке дайындайды. Жаттығуды жүйелі түрде орындау, жауапкершілікпен қарау және психологиялық тұрғыдан дайын болу – оның басты қағидалары.

Имранали жарыс алдында бұрынғыдай қатты қобалжымайтынын айтады. Жылдар бойы жинақталған тәжірибе оған жарыс атмосферасына бейімделуге мүмкіндік берген.

– Қазір жарыс алдында аса қатты қобалжымаймын. Бұл спортпен көп жылдан бері айналысып келе жатқандықтан, өзімді еркін сезінемін. Әрдайым өзіме сеніп, тек жақсы нәтижені ойлауға тырысамын, – дейді спортшы.

Бұл жерде тәжірибенің маңызы байқалады. Алғашқы жарыстағы қобалжу уақыт өте келе сенімділікке ауысқан.

Спортшының жеңісі – оның ғана еңбегі емес. Оның артында жаттықтырушысының еңбегі, отбасының қолдауы және жақындарының сенімі тұрады.



Имранали үшін бұл қолдаудың орны ерекше. Жеңіске жеткен сәтте ең алдымен ата-анасы мен отбасын ойлайтынын айтады.

– Жеңіске жеткен сәтте ең алдымен отбасым мен ата-анам есіме түседі. Олар мені әрдайым қолдап, жанымнан табылып келеді. Әр жетістігімде олардың қолдауының орны ерекше, – дейді Имранали.

Чемпион болу – медальмен өлшенбейді

Спортшы үшін чемпион атану – тек жарыста бірінші орын алу емес.

Имранали нағыз чемпионды өзгелерге құрметпен қарайтын, өзінің ісімен үлгі бола алатын адам ретінде қабылдайды.

– Мен үшін чемпион үнемі жеңіске жететін адам ғана емес. Нағыз чемпион адамдарды құрметтейтін, өзгелерге дұрыс үлгі көрсете алатын адам. Чемпион болу – бір медаль алумен шектелмейді, ең бастысы – жақсы үлгі болу, – дейді ол.

Бұл көзқарас спорттағы нәтижеден бөлек, спортшының адам ретінде қалыптасуына да мән беретінін көрсетеді.

Алда – әлі талай белес

Әлем чемпионатының күміс жүлдесі, Азия чемпионаттарындағы жеңістер, Қазақстан чемпионаттарындағы жүлделер – Имранали үшін соңғы меже емес.

Оның алдында жаңа мақсаттар бар. Соның бірі – әлем чемпионы атану.

– Алдымда әлі де көптеген мақсаттарым бар. Әлем чемпионы атанып, бұл жетістікті тағы бір мәрте қайталағым келеді. Сонымен қатар спортты енді бастап жүрген жастарға үлгі болғым келеді, – дейді спортшы.

Спортшының алдағы мақсаты тек жеке нәтижемен шектелмейді. Ол спортқа жаңадан келген жастарға мотивация беріп, өз тәжірибесімен бөліскісі келеді.

Бұл мақсат Іле ауданындағы спортқа қызығатын жастар үшін де маңызды. Себебі өз ауданынан шыққан спортшының халықаралық деңгейдегі жарыстарда ел намысын қорғауы – жас спортшыларға нақты мысал.

Жастарға айтар кеңесі де қарапайым

– Іле ауданындағы спортқа қызығатын жастарға айтар кеңесім ешқашан берілмеу және тәртіпті болу. Қандай қиындық кездессе де, өз мақсатыңнан бас тартпай, алға ұмтылу керек, – дейді Имранали.

Бұл сөздің астарында оның жеке тәжірибесі жатыр. Тоғыз жасындағы алғашқы жарыстан бастап, халықаралық аренадағы жүлделерге дейінгі жол бір күнде қалыптасқан жоқ.

Бүгінде Имранали үшін әр жарыс – жаңа сынақ, әр қарсылас – тәжірибе, әр нәтиже – келесі мақсатқа бастайтын қадам.

Спортта жеңіс тұғырына көтерілген сәт қысқа болуы мүмкін. Ал сол тұғырға апаратын жол ұзақ. Ол жолда тәртіп, еңбек, төзім және өзіне деген сенім қатар жүреді.

Каримжанов Имраналидің спорттағы жолы да осы төрт ұстанымен сабақтасып келеді. Ал оның алдағы мақсаты – әлем чемпионатының күміс жүлдесін алтынға айналдырып, биіктен көріну.

Диана ҚАНАТ

БІЛІМ БЕЛЕСІ

МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР: МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ АРТТЫРЫЛДЫ

Алматы облысы, Іле ауданы, Байкент ауылындағы №45 мектеп базасында 2026 жылдың 7-18 қыркүйек аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған ауқымды және маңызды біліктілікті арттыру курсы өтті. Бұл білім беру шарасын Іле аудандық Білім бөлімінің сұранысымен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының (БАҰО АҚ) Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты ұйымдастырды. Заманауи білім беру трендтері мен жаңа талаптарды тоғыстырған бұл курс аймақ педагогтері үшін кәсіби тұрғыдан шыңдалудың, өзара тәжірибе алмасудың және жаңа технологияларды меңгерудің бірегей алаңына айналды.

Екі аптаға созылған іргелі білім беру бағдарламасы «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асырудағы жаңа тәсілдер: мақсаттан күтілетін оқу нәтижесіне жету» деп аталды. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» (Т1) педагогтеріне арналған бұл жауапты әрі мазмұнды курстың жетекшісі – «Қоғамдық-гуманитарлық бағыт» кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор Бисенбаева Меруерт Кенжеғұлқызы болды. Білікті ғалымның жетекшілігімен өткен сабақтар мұғалімдерге тек теориялық білім беріп қана қоймай, оны күнделікті мектеп өмірінде, сынып ішінде қалай тиімді қолданудың нақты тетіктерін көрсетті.

Бүгінгі таңда білім беру саласы түбегейлі трансформациялау кезеңін бастан кешіруде. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптары жыл сайын жаңарып, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлау қабілетін дамытуға баса назар аударылуда. Сол себепті ұйымдастырылған курс үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері сабақтарында оқу процесін заманауи тұрғыдан жобалай білетін, жаңа технологияларды еркін меңгерген шығармашыл педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуды өзіне мақсат етеді.

Курс бағдарламасы жай ғана дәрістер жиынтығы емес, мұғалімдердің заман талабына сай ең өзекті дағдыларды іс жүзінде меңгеруіне бағытталған практикалық шеберхана форматында өтті. Оқыту барысында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін оқытудың сапасын деңгейіне көтерілуі тиіс.

Осы орайда, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) ұсынылған жаңа редакциясы білім мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ететін мықты ұстанымдар мен сенімдер жүйесіне — базалық құндылықтарға негізделеді. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында белгілеген «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тұжырымдамасы мен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштаған ұғымы жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеялық өзегіне айналды.











Ендігі кезекте білім беру мазмұны тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты 6 негізгі құндылыққа бағытталады. Байкент ауылында өткен біліктілікті арттыру курсында осы құндылықтарды қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мазмұнына кіріктіру (интеграциялау) мәселесі кеңінен талқыланды. Пән мұғалімдері күнделікті сабақта әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалогтар мен монологтердегі автор көзқарасын талдау арқылы баланың бойында адамгершілік қасиеттерді, ұлттық сана-сезім мен өз сөзі мен әрекеті үшін жауапкершілікті қалыптастырудың практикалық үлгілерін әзірледі.

Заманауи мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды индикаторы — оның цифрлық сауаттылығы болып табылады. ҚР Білім және ғылым министрінің №330 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің цифрлық құзыреттілігіне қойылатын талаптарға» сәйкес, цифрлық дағдылар кәсіби қызметтің барлық аспектілеріне үздіксіз енетін процесс ретінде қарастырылады. Курс барысында мұғалімдер өз дағдыларын базалық (білім алу) және жеткілікті (білімді игеру) деңгейден оңтайлы (білім құру) деңгейге көтеру бағытында жұмыс істеді. Олар қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллект құралдарын, заманауи білім беру платформаларын, интерактивті тапсырмалар құрастыруға арналған қосымшалар мен заманауи презентациялық құралдарды қолдануды іс жүзінде меңгерді. Мұғалімдер ЖИ көмегімен қысқа мерзімді сабақ жоспарларын (ҚМЖ) әзірлеу, деңгейлік тапсырмалар дайындау, мәтіндерді талдауға арналған бағыттаушы сұрақтар генерациялау және оқушылардың білімін цифрлық форматта бағалау әдістерін орындап көрді. Бұл тәсіл мұғалімнің техникалық жұмысқа кететін уақытын айтарлықтай үнемдеп, назарын оқушымен тікелей шығармашылық жұмыс істеуге бағыттауға мүмкіндік береді.

Курстың келесі бір маңызды блогы халықаралық PISA зерттеуінің өлшемшарттарына сай оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын арттыруға және тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі (CEFR) жаңа деңгейге көтеру үшін бірнеше негізгі басым бағыттар қамтылды.

Заманауи білім беру трендтерін терең түсіну үшін, ең алдымен, мектеп қабырғасында білім алып жатқан оқушылар контингентінің психологиялық-әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу қажет. Уильям Штраус пен Нил Ховтың ұрпақтар теориясына сәйкес, бүгінде мектеп жүйесі Z ұрпағы (1997–2010) мен оның орнын басып келе жатқан Жаңа «Альфа» ұрпағының (2011 жылдан бастап туғандар) қалыптасу кезеңін бастан өткеруде. Зеталар гаджеттер мен IT-технологияларға жақын, қашықтан жұмыс істеуді қалайтын, ақпаратты ғаламтордан жылдам өңдейтін креативті кәсіпкерлер ұрпағы болса, Альфа буыны — «смартфон балалары» деп аталатын, виртуалды әлемді шынайы өмірмен толықтай тең дәрежеде қабылдайтын мүлдем жаңа толқын. Әлеуметтанушылардың болжамы бойынша, 2030 жылға қарай әлемдегі қазіргі кәсіптердің 40%-ы жойылады, сондықтан Альфа ұрпағы өміршең болуы үшін әр 4 жыл сайын жаңа дағдыларды үйренуі тиіс. Бұл балалар үшін деректерді жаттап алу маңызды емес, олар үшін керекті ақпаратты қайдан оңай табу және оны қалай жүйелеп, өз өмірінде пайдалану маңыздырақ. Осы орайда, мұғалімнің рөлі тек дайын білімді беруші емес, оқушының танымдық әрекетін бағыттап отыратын медиа-сауатты тәлімгер академиялық және кәсіби тұрғыдан еркін, жүйелі жеткізе алатын С1, С2 деңгейіне дейін көтерудің әдістемелік ұстанымдарын пысықтады.

Сонымен қатар, сабақта оқушылардың жазылым дағдыларын құрылымдық нұсқаулықтар арқылы дамыту мәселесі іс жүзінде көрсетілді. Жазба жұмыстарының мазмұны мен мақсатына қарай дербес жазылым (өмірбаян, күнделік жанрлары), нанымды жазылым (дискурсивті эссе) және ақпараттық жазылым (хабарландыру, сұхбат, жаңалық, репортаж жазу) түрлері бойынша нақты алгоритмдер мен «жазылымды жобалау карталары» әзірленді. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыруда әдеби эссенің әдеби-талдау, әдеби-сыни, әдеби-синтез, әдеби-дәлелдеме, әдеби-салыстырмалы және кейіпкер рөліне енуді көздейтін әдеби-шығармашыл түрлерін жаздырудың тиімді жолдары нақты мысалдармен айқындалды.

Курстың табысты аяқталуына Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бекіткен сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар берік негіз болды. Сабақты тиімді жоспарлау, оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақ мақсаттарына дұрыс түрлендіру, сараланған тәсілді (дифференциация) жүзеге асыру және инклюзивті білім беру ортасында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сұраныстарын ескеру мәселелері мұғалімдердің шеберханалық жұмыстарында толық көрініс тапты. Курс соңында тыңдаушылар өздерінің екі апта бойы алған білімдерін қорытындылап, заманауи форматтағы қысқа мерзімді сабақ жоспарларын (ҚМЖ) қорғады. Олар жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып дайындаған цифрлық дидактикалық материалдарын, инклюзивті тапсырмаларын және функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған жобаларын ортаға салды.

Курсқа қатысқан педагогтер «Өрлеу» институтының басшылығына, әсіресе курс жетекшісі Бисенбаева Меруерт Кенжеғұлқызына мазмұнды дәрістер мен практикалық бағыт-бағдар бергені үшін шынайы алғыстарын білдірді. Қатысушылар бұл курстан үлкен шабыт пен кәсіби серпін алғандарын, меңгерген жаңа тәсілдерді өз мектептерінде дереу іс жүзінде қолданатындарын жеткізді.

Қорыта айтқанда, бұл біліктілікті арттыру курсы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын сапалы және тиімді іске асыруға дайын, жаңа дәуірдің талаптарына жауап бере алатын заманауи қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімдерінің жаңа толқынын қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Курсты сәтті аяқтаған барлық ұстаздарға арнайы біліктілік сертификаттары табыс етілді. Бұл қадам ауданымыздағы білім беру сапасын арттыруға жасалған үлкен әрі маңызды қадам болды.

А. ЕРЖАНОВ,
№7 орта мектептің мұғалімі,
курс тыңдаушысы

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ



ПАТРИОТИЗМ НАЧИНАЕТСЯ С ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Десять лет работы по сохранению культурных традиций и продвижению политики единения и развития стали поводом для торжественной встречи, посвященной юбилею курдского этнокультурного центра RONAI. Мероприятие прошло в рамках проекта «Адал азамат» под девизом «Мы разные, но равные: единство и образование - прочная основа сильного общества». На встрече собрались активисты этнокультурных центров, педагоги, директора школ, спортсмены, учащаяся молодежь и общественные активисты.

Выбор приглашенных был неслучайным. Как рассказал председатель общественного объединения «Областной курдский этнокультурный центр RONAI» Гамзе Гейдаров, каждый из участников торжества реальным трудом вносит свой вклад в жизнь общества и развитие страны. Особое внимание организаторы уделили молодым людям – победителям мировых и республиканских чемпионатов по разным видам спорта, отличникам учебы и творчески одаренным школьникам, показавшим высокие результаты в разных сферах жизнедеятельности. Примечательно, что среди собравшихся были не только жители Илийского района, но и гости со всей области. Их объединили высокое чувство патриотизма, любовь к избранному делу и ответственность за будущее страны.

– Сегодня мы решили собрать спортсменов, молодежь, окончившую школу с отличием и прославившую свою страну, директоров школ и педагогов, делающих большую работу, воспитывая настоящих патриотов страны.

Наш долг – поддерживать талантливую молодежь, воспитывать в них патриотизм и уважение к лучшим традициям страны. Этническая принадлежность для нас не имеет значения. Главное, чтобы человек был достойным гражданином своей Родины – Республики Казахстан, получал хорошее образование и хорошо трудился.

Мы поддерживаем всех, кто стремится к высокой цели – процветанию своего края, – сказал Гамзе Гейдаров.

За десять лет у центра накопился значительный опыт работы. Его история началась в 2016 году, когда в Илийском районе было создано курдское этнокультурное объединение.

В 2023 году организация прошла перерегистрацию на областном уровне и получила название – Алматинский областной курдский этнокультурный центр RONAI.

За это время представители центра активно участвовали в областных и районных мероприятиях, занимались сохранением традиций курдского этноса, помогали социально уязвимым семьям и поддерживали общественные инициативы.

На юбилейной встрече разговор, в основном, шел о воспитании и образовании молодого поколения, личной ответственности каждого человека за будущее общей Родины – Казахстана. Широко известный общественный деятель страны, кандидат филологических наук, профессор Асылы Осман подчеркнула, что эти темы напрямую связаны с формированием активного гражданского общества.

– Смысл и значение сегодняшней темы, а также то, насколько точно она соответствует политике Президента страны, уже заслуживают высокой оценки. Если мы вместе не будем последовательно продвигать ценности нашего государства и показывать на собственном примере, как ее принципы работают на практике, то все наши мечты останутся лишь на бумаге.

И самое главное – мы должны воспитывать честных граждан, оценивать труд человека по его заслугам. Поддерживая и поощряя талантливую молодежь нашей области, центр RONAI показывает пример всем этнокультурным объединениям.

Наша работа должна проводиться в этом русле и нас должно объединять чувство гордости за свою страну и за свой край, - резюмировала Асылы Осман.

Идею о воспитании ответственного поколения поддержали и другие участники встречи, подчеркивая приоритеты общегосударственного проекта «Адал азамат»: честность, справедливость, ответственность, трудолюбие, патриотизм и уважение к закону. При этом речь шла о конкретных примерах: успехах школьников, ежедневной работе педагогов и тренеров, а также участии молодых людей в общественной жизни.

Председатель Илийского районного филиала партии «Әділет» Алмасбек Сатыбаев, в свою очередь, подчеркнул, что десятилетний юбилей RONAI станет лишь первым из ряда мероприятий, посвященных деятельности этнокультурных центров района.

– В нашем районе действуют четыре крупных этнокультурных центра. Один из них – Курдский этнокультурный центр RONAI, который отмечает свое 10-летие. Показательно, что это мероприятие проводится совместно с партией, ведь наши цели едины – это формирование патриотов страны, поддержка молодого поколения, труд во благо граждан и их будущее. Нынешнее мероприятие – лишь начало большого пути. Таких форумов, направленных на воспитание и поощрение молодых соотечественников, будет большое количество.

И в претворении данной идеи большая заслуга Гамзе Гейдарова – настоящего патриота родной земли, – сказал Алмасбек Сатыбаев.

Кульминационным моментом встречи стала церемония награждения. Благодарственные письма, сертификаты и денежные призы получили учителя, тренеры, учащиеся, спортсмены и общественные активисты. Для организаторов это стало возможностью отметить людей, которые своим ежедневным трудом помогают воспитывать молодежь и укреплять общественное согласие. Для самих молодых участников награждение стало дополнительным стимулом продолжать работу над собой, развивать способности и ставить перед собой новые цели.

Юбилейная встреча объединила представителей разных поколений и сфер деятельности. Педагоги и тренеры получили признание за многолетний труд, а молодежь увидела конкретные примеры того, как знания, труд и активная гражданская позиция помогают добиваться результатов.

Именно на таких примерах, по словам организаторов, и формируется отношение человека к обществу: через образование, уважение к культуре, ответственное отношение к своему делу и готовность приносить пользу окружающим.

Нурбол МОЛДАБЕКОВ

Жаңа Конституцияның қабылдануы Қазақстанның мемлекеттік дамуындағы маңызды бетбұрыс болды. Оның негізгі мақсаты қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келетін тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру, азаматтардың құқықтарымен заңды мүдделерін қорғауды күшейту және мемлекеттің тұрақты дамуына құқықтық негіз жасау.

Конституцияда мемлекеттің негізгі құндылықтары, азаматпен мемлекеттің өзара жауапкершілігі, билік институттарының қызмет ету қағидалары айқындалады. Конституцилық нормалардың басты мәні заң үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамдағы тұрақтылықпен келісімді нығайту.

Жаңа Конституцияның қабылдануы халықтың тікелей ерік білдіруімен жүзеге асуының маңызы



зор. Референдум азаматтардың тікелей тағдырына қатысты аса маңызды шешімдерге тікелей қатысуының демократиялық тетіктерінің бірі. Жаңа Конституция мемлекеттік билік жүйесін жаңаша ұйымдастыруға бағытталған. 2026 жылдың 1-ші шілдесінен бастап бұрынғы Конституция негізінде құрылған Парламенттің өкілеттілігі тоқтатылды. Жаңа Конституция құрылымында Құрылтай институты маңызды орын алады. Мұндай өзгерістердің негізгі мәні- мемлекеттік басқару институтарының маңыздылығын арттыру және олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейту. мемлекеттік органдардың өкілеттіліктерін нақты бөлу елдегі басқару сапасын жақсартуға ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар жаңа Конституцияны іске асыру үшін бірқатар Конституциялық заңдар қабылданып, қолданыстағы заңнаманы жаңа конституциялық нормаларға сәйкестендіру жұмыстарын жүргізуде. Конституцияның ең маңызды міндеттерінің бірі адамның құқықтарымен бостандықтарын қорғау. Мемлекеттің дамуы ең алдымен азаматтардың қауіпсіздігіне, әл ауқатына және заң алдындағы теңдігіне байланысты. Әр азамат өзінің конституциялық құқықтарын білумен қатар, заң талаптарын сақтауға басқа адамдардың құқықтарымен бостандықтарын құрметтеуге міндетті. Құқықтық мемлекет тек мемлекеттік органдардың қызметіне емес, қоғамның құқықтық мәдениетіне тәуелді.

Сондықтан жаңа Конституцияны құрметтеу-оның баптарын білу ғана емес, заңды сақтау өз құқықтарыңды қорғау және елдің болашағына жауапкершілікпен қарау. Жаңа Конституция Қазақстанның жаңарған құқықтық негізі ретінде елдің тұрақты, әділетті әрі заманауи мемлекетті құру жолындағы маңызды қадамы болмақ.

Қ. АЛҒАЗИЕВ
Іле аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының басшысы

АҚПАРАТ

ЖОБА

«Іле ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Іле аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 мамырдағы №25-89 шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешім жобасы

Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Іле ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Іле аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 мамырдағы №25-89 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6125-05 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Іле ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидаларын айқындау туралы»;

көрсетілген шешімнің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Іле ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидалары айқындалсын»;

көрсетілген шешімнің қосымшасында айқындалған Іле ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Іле аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Іле аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ПРОЕКТ

Проект решения о внесении изменений илийского районного маслихата от 28 мая 2024 года №25-89 «об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в илийском районе »

Илийский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение Илийского районного маслихата от 28 мая 2024 года №25-89 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в Илийском районе» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №6125-05) следующие изменения:

заголовок указанного решения изложить в следующей редакции:

«Об определении размера и правил оказания жилищной помощи по Илийскому району»;

пункт 1 указанного решения изложить в следующей редакции:

«1. Определить размер и правила оказания жилищной помощи по Илийскому району согласно приложению к настоящему решению.»;

размер и порядок оказания жилищной помощи в Илийском районе, определенные в приложении к указанному решения, изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

2. Государственному учреждению «Аппарат Илийского районного маслихата» в установленном законодательством Республики Казахстан порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Министерстве юстиции Республики Казахстан;

2) размещение настоящего решения на интернет-ресурсе Илийского районного маслихата после его официального опубликования.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

ІЛЕ АУДАНЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ МӨЛШЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

Шешіміне қосымша
Іле аудандық мәслихатының
2024 жылғы 28 мамырдағы № 25-89
шешіміне қосымша

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен, жалғыз тұрғынжай ретінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға) Іле ауданында тұратындарға:

ағымдағы және жинақтау жарналарын;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың жиыны ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау «Іле ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2-тарау. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі

3. Көрсетілетін қызметті алушының жиынтық табысын көрсетілетін қызметті беруші «Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағида) сәйкес есептейді.

4. Тұрғын үй көмегі ағымдағы және жинақтау жарналарын, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеу сомасы мен көрсетілетін қызметті алушының осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының көрсетілетін қызметті алушының жиынтық кірісіне 10 (он) пайыз мөлшерінде шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегінің мөлшерін көрсетілетін қызметті беруші Қағидалардың 4-1-тармағына сәйкес есептейді.

5. Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемді өсіру бөлігінде байланыс қызметтері үшін өтемақы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ «Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтері тарифтік төлемдердің мөлшерін айқындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33200 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау толық ағымдағы тоқсанға жүргізіледі, бұл ретте көрсетілетін қызметті алушының жиынтық кірісі мен коммуналдық қызметтерінің өткен тоқсандағы шығындары есепке алынады.

7. Тұрғын үй көмегі көрсетілетін қызметті алушыға ағымдағы және жинақтау жарналарға арналған жеткізушілер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушыға тұрғын үй көмегін тағайындау тиісті қаржы жылына арналған аудандық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушыға тұрғын үй көмегін төлеуді көрсетілетін қызметті беруші екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, «Қазпошта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері арқылы есептелген сомаларды көрсетілетін қызметті алушылардың жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

РАЗМЕР И ПРАВИЛА ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ ПО ИЛИЙСКОМУ РАЙОНУ

Приложение к решению
Илийского районного маслихата 28 мая 2024 года № 25-89

Глава 1. Общие положения

1. Жилищная помощь предоставляется за счет средств местного бюджета малообеспеченным семьям (гражданам) (далее - услугополучатель), постоянно зарегистрированным и проживающим в жилище, которое находится на праве собственности как единственное жилище на территории Республики Казахстан, а также нанимателям (поднанимателям) жилища из государственного жилищного фонда и жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, проживающим в Илийском районе, на оплату:

текущих и накопительных взносов;

потребления коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций;

расходов за пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде.

Расходы услугополучателя, принимаемые к исчислению жилищной помощи, определяются как сумма расходов по каждому из вышеуказанных направлений.

2. Назначение жилищной помощи оказывается государственным учреждением «Отдел занятости и социальных программ Илийского района» (далее – услугодатель).

Глава 2. Размер и порядок оказания жилищной помощи

3. Совокупный доход услугополучателя исчисляется услугодателем согласно приказу Министра промышленности и строительства Республики Казахстан от 8 декабря 2023 года № 117 «Об утверждении Правил предоставления жилищной помощи» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 33763) (далее - Правила).

4. Жилищная помощь определяется как разница между суммой оплаты расходов на текущие и накопительные взносы, потребление коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций, пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, и предельно допустимым уровнем расходов услугополучателя на эти цели в размере 10 (десяти) процентов к совокупному доходу услугополучателя.

Размер жилищной помощи рассчитывается услугодателем, в соответствии с пунктом 4-1 Правил.

5. Компенсация услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций, производится в соответствии с приказом Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 28 июля 2023 года № 295/НҚ «Об определении размера и утверждении Правил компенсации повышения тарифов абонентской платы за оказание услуг телекоммуникаций социально защищаемым гражданам» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №33200).

6. Назначение жилищной помощи производится на полный текущий квартал, при этом совокупный доход услугополучателя и расходы на коммунальные услуги учитываются за истекший квартал.

7. Жилищная помощь оказывается по предъявленным поставщиками счетам о ежемесячных расходах на текущие и накопительные взносы и счетам на оплату коммунальных услуг за счет бюджетных средств услугополучателю.

8. Назначение жилищной помощи услугополучателю осуществляется в пределах средств, предусмотренных в районном бюджете на соответствующий финансовый год.

9. Выплата жилищной помощи услугополучателю осуществляется услугодателем через банки второго уровня, организации, имеющие лицензии уполномоченного органа по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций на соответствующие виды банковских операций, территориальные подразделения акционерного общества «Казпочта» путем перечисления начисленных сумм на лицевые счета услугополучателей.

Іле ауданында бес ай бойы жалғасқан футбол чемпионаты жанкүйерлерге тартысты ойын, әдемі голдар мен спорттық бәсекенің жарқын сәттерін сыйлап, өз мәресіне жетті.

Аудан футболының үздіктерін анықтаған дүбірлі дода «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылып, спортсүйер қауымды бір арнаға тоғыстырды.

Бірнеше айға созылған чемпионат барысында ауданның әр елдімекенінен жасақталған командалар жасыл алаңда өзара мықтыны анықтады. Әр тур сайын тартыс күшейіп, турнир кестесіндегі жағдай құбылып отырды. Ойыншылар үшін әр кездесудің маңызы зор болса, жанкүйерлер үшін әр матч футбол мерекесіне айналды.

Ең бастысы — ауыл-аймақтардағы футболдың тынысын кеңейтіп, талантты ойыншылардың танылуына мүмкіндік береді. Футбол — тек алаңдағы 90 минут емес.

Оның артында күнделікті дайындық, командалық тәртіп, жаттығу, жеңіске деген сенім және жеңілістен кейін қайта тұра білу қабілеті жатыр. Бес ай бойы осы қасиеттерді серік еткен командалардың әрқайсысы чемпионатқа өзіндік үлесін қосты.

Маусымның соңғы ысқырығы естілгенімен, Іле ауданындағы футбол додасының әсері әлі де жалғаса бермек.

Өйткені бүгінгі чемпионатта шыңдалған ойыншылар мен қалыптасқан командалар ертеңгі жаңа жеңістерге бастайтын негіз болмақ.

Чемпион атанған «Ақсай» командасын, жүлдегерлерді және чемпионаттың барлық қатысушыларын жеңістерімен құттықтаймыз!

Аудан футболының дамуына атсалысқан ұйымдастырушыларға, командаларға, жанкүйерлерге және демеушілерге алғыс білдіреміз.

Өз тілшіміз

«АҚСАЙ» — ІЛЕ АУДАНЫНЫҢ ФУТБОЛ ЧЕМПИОНЫ



Чемпионаттың шешуші кезеңіне келгенде, басты назар көш басындағы «Ақсай» мен «Байсерке» командаларына ауды. Екі ұжым да маусым бойы тұрақты ойын көрсетіп, чемпиондық атаққа басты үміткер екенін дәлелдеді.

Сондықтан 18-тур аясындағы қос команданың кездесуі қарапайым ойыннан гөрі маусым тағдырын шешетін тарихи матчқа айналды.

Шешуші бәсекеде алаңдағы әрбір сәт есепке тұрды. Қос команда да жеңіске деген жігерін танытып, көрерменге тартысты ойын ұсынды. Ақыры матч тағдырын бір ғана гол шешті. «Ақсай» командасы қарсылас қақпасына жауапсыз бір доп енгізіп, кездесуді 1:0 есебімен аяқтады.

Осылайша маусым бойы жинаған еңбегінің жемісін көрген «Ақсай» командасы Іле ауданының чемпионы атанды. Жалпы чемпионат қорытындысы бойынша жүлдегерлер қатарын «Байсерке» және «Байкент» командалары толықтырды. Күміс жүлде «Байсеркеге» бұйырса, үздік үштікті «Байкент» түйіндеді.

Бес айға жуық уақытқа созылған бәсекенің басты жетістігі — жеңімпазды анықтаумен ғана шектелмейді. Мұндай жарыстар аудан көлемінде бұқаралық спортты насихаттап, жастардың футболға деген қызығушылығын арттыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жол ашады.

4-Й УРОВЕНЬ БЮДЖЕТА – ФИНАНСОВАЯ НЕЗАВИСИМОСТЬ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ

В соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан с 1 января 2018 года все платежи по налогам, подлежащим уплате в бюджет 4-го уровня должны уплачиваться на БИН аппарата акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов.

При этом на первом этапе внедрения самостоятельных бюджетов местного самоуправления (бюджеты 4 –го уровня) нововведения коснутся налогоплательщиков по налогам, подлежащим поступления в бюджет сельских округов с численностью населения более 2000 человек.

Бюджет МСУ на уровне города районного значения, села, поселка, сельского округа внедряется как 4-й уровень государственного бюджета с 2018 года в административных территориальных единицах с численностью населения свыше 2000 человек, а с 2020 года – повсеместно.

Формирование самостоятельного бюджета позволяет расширить возможность акимов в решении актуальных вопросов местного значения и участия граждан в процессе принятия решений, направленных на развитие своего села, поселка.

Трансфертами органам местного самоуправления являются передаваемые органам местного самоуправления для реализации функций местного самоуправления следующие поступления в областные и районные (городов областного значения) бюджеты:

– индивидуальный подоходный налог по доходам, не облагаемым у источника выплаты, физических лиц, зарегистрированных на территории города районного значения, села, поселка, сельского округа;

– налог на имущество физических лиц, имущество которых находится на территории города районного значения, села, поселка, сельского округа;

– земельный налог на земли населенных пунктов с физических и юридических лиц, земельный участок которых находится в городе районного значения, селе, поселке;

– налог на транспортные средства с физических и юридических лиц, зарегистрированных в городе районного значения, селе, поселке.

– платы за размещение наружной (визуальной) рекламы в полосе отвода автомобильных дорог, проходящих через территории городов районного значения, сел, поселков, сельских округов,

– от аренды государственного имущества коммунальной собственности,

Таким образом, самостоятельные бюджеты 4-го уровня позволят более эффективно планировать и использовать бюджетные средства с учетом потребностей населения по благоустройству и озеленению населенных пунктов, строительству, реконструкции, ремонту и содержанию автодорог, организации водоснабжения населенных пунктов, дошкольному воспитанию и обучению и так далее, что в конечном итоге будет способствовать улучшению условий жизни людей и внешнему облику населенных пунктов.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылдың 29 қазанда сағат 11:00-де Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, 3. Батталханов көш. 20-үй мекенжайындағы «АлЭС» АҚ 3-ЖЭО аумағында № 210 кабинеттегі акт залында «АлЭС» АҚ 3-ЖЭО өндірістік департаменті үшін Әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу мақсатында әзірленген құжаттардың жобаларын (ЖБШН, ЖБТН, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) талқылау бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама топтамасымен ҚР Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде https://ndbecology.gov.kz/ , сондай-ақ Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/activities/directions?lang=ru. сілтемелері арқылы танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары - 43°25′27″ с.е. 77°00′24″ ш.б., және Іле ауданы әсер ету аумағының географиялық координаттары – 43°25′38″ с.е. 77°01′34″ ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ҚР Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде, сондай-ақ келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, 12-үй, тел.: 7 (72772) 2 32 27, электрондық пошта: priroda_alm@bk.ru. Веб-сайтқа сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/about?lang=ru

Төтенше жағдай режимі енгізілген және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Белсенді сілтеме ҚР Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында орналастырылады.

Онлайн қосылу сілтемесі:

https://us05web.zoom.us/j/3108236607?pwd=MnhrVUozeEF1bmkwOFJJSlJ0cVdHUT09&omn=83210877395

Конференция идентификаторы: 310 823 6607

Рұқсат коды: H6GF04

Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

Әзірлеушінің деректемелері: «Экология және цифрлық технологиялар ғылыми зерттеу институты» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қ., Төле би көшесі, 202А, кеңсе 103, БСН 230340038391, байланыстағы тұлға: Абдиракманов Мұрат, e-mail: niiect.kz@gmail.com , 8 705 811 36 68.

Қосымша ақпаратты келесі байланыс деректері арқылы алуға болады: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ

АО «Алматинские электрические станции» в соответствии с требованиями статьи 96 ЭК РК сообщает, что 29 октября 2026 г. в 11:00 на территории АО «АлЭС» ТЭЦ-3, в актовом зале (кабинет №210) по адресу: Алматинская область, Илийский район, посёлок Отеген батыра, ул. 3. Батталханова, д.20, состоятся общественные слушания по обсуждению проектов документов (НДВ, НДС, ПУО, Программа ПЭК, План мероприятий по охране окружающей среды) для получения Экологического разрешения на воздействие для производственного департамента АО «АлЭС» ТЭЦ-3.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов РК https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/activities/directions?lang=ru.

Географические координаты участка - 43°25′27″ с.ш. 77°00′24″ в.д., и географические координаты территории воздействия Илийский район – 43°25′38″ с.ш. 77°01′34″ в.д.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов РК, а также по адресу Алматинская область, 040800, город Қонаев, улица Құрылысшы, № 12, тел. 7 (72772)2 32 27 электронный адрес: priroda_alm@bk.ru. Ссылка на сайт: https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/about?lang=ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, ЧС социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Активная ссылка будет предоставлена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов РК и на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области.

Ссылка на онлайн подключение:

https://us05web.zoom.us/j/3108236607?pwd=MnhrVUozeEF1bmkwOFJJSlJ0cVdHUT09&omn=83210877395

Идентификатор конференции: 310 823 6607

Код доступа: H6GF04

Реквизиты инициатора: БИН 060640001713, г.Алматы, Медеуский район, проспект Достык, 7, контактное лицо: Арзюкова Зоя e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727)2540-327, 2540-473.

ТОО «Научно исследовательский институт экологии и цифровых технологий», юридический адрес: г. Алматы, ул. Толе би, 202А, офис 103, БИН 230340038391, контактное лицо: Абдиракманов Мурат, e-mail: niiect.kz@gmail.com , 8 705 811 36 68.

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу и номеру телефону: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 2540-327, 2540-473.

НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Садыкова Садыкжана Садыкжановича**, умершего 18. 04. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ч. В. Рашидиновой по адресу: с. Отеген батыр, ул. З.Батталханова, №17.

Меншік иесі: «Ile tany» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Директор-бас редактор - РЫМЖАНОВ БАҚТИЯР ТАЛҒАТҰЛЫ

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл. мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ 2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП, №KZ30VPY00065449 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №38 Осы шығарылымның таралымы - 10050